

"Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шартты ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 шілдедегі № 973 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шартты ратификациялау туралы

2012 жылғы 29 сәуірде Тегеранда жасалған Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шарт ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы ұстап беру туралы ШАРТ

Бұдан әрі «Уағдаласушы Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы қылмысқа қарсы күресте неғұрлым тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз етуге және екі мемлекет арасындағы ұстап беру саласындағы қатынастарды реттеуге ниет білдіреді, отырып, төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап. Ұстап беру міндеттемесі

Әрбір Уағдаласушы Тарап осы Шарттың ережелеріне сәйкес басқа Уағдаласушы Тарапқа қылмыстық қудалауды жүзеге асыру үшін іздеудегі және сұрау салынатын

Уағдаласушы Тараптың аумағындағы адамды ұстап беруге әкеп соғатын қылмыстар үшін сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың аумағында қылмыстық қудалау немесе үкімді орындау үшін ұстап беруге міндеттенеді.

2-бап. Ұстап беруге әкеп соғатын қылмыстар

1. Осы Шарт мақсатында ұстап беруге әкеп соғатын қылмыстар болып сұрау салған кезде екі Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес жазаланатын және оларды жасағаны үшін кемінде 1 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза немесе одан ауыр жаза көзделетін қылмыстар танылады.

2. Егер ұстап беру туралы сұрау салу ұстап беруге әкеп соғатын кез келген қылмыс үшін сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың соты бас бостандығынан айыруға соттаған адамға қатысты болса, ұстап беру адамды кемінде 6 ай мерзімге бас бостандығынан айыруға немесе одан ауыр жазаға соттаса ғана мүмкін болады.

3. Жасалған әрекет осы баптың мақсатында екі Уағдаласушы Тараптың заңнамасына сәйкес қылмыс болып табылатынын не табылмайтынын айқындау кезінде :

1) Уағдаласушы Тараптардың заңнамасы бойынша әрекеттердің және қылмыстардың бір санаттағы қылмыстарға жатқызылуы не жатқызылмауы немесе жасалған қылмыстың бірдей терминологиямен аталуы маңызды емес; және

2) ұстап беру сұратылып отырған адамның әрекеттері толықтай назарға алынады және егер Уағдаласушы Тараптардың заңнамасына сәйкес қылмыстың құрамдас элементтері айырмашылықтарының болуы маңызды емес.

4. Егер ұстап беру кеден, салық заңнамасын, валюталық реттеу саласындағы бұзушылықтармен байланысты қылмыстарды жасағаны үшін сұратылса, сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың заңнамасында сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың заңнамасында көзделген дәл осындай салық немесе кеден нормаларының қамтылмауы себепті ұстап беруден бас тартылмайды.

5. Егер қылмыс сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың аумағынан тысқары жерде жасалса, сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың заңнамасында дәл осындай жағдайларда оның аумағынан тысқары жерде жасалған қылмыстар үшін жазалау көзделсе ғана ұстап беру қанағаттандырылуға тиіс. Егер сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың заңнамасында мұндай көзделмесе, сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап ұстап беруді қанағаттандыруы мүмкін.

6. Егер ұстап беру туралы сұрау салу екі Уағдаласушы Тараптың заңнамасы бойынша әрқайсысы жазалануы тиіс, бірақ кейбіреулері осы баптың 1, 2-тармақтарында көрсетілген белгілерді қамтымайтын бірнеше қылмыстарға қатысты болса, ұстап беру жүзеге асырылуы мүмкін.

3-бап. Ұстап беруден бас тарту

Осы Шарттың шеңберінде ұстап беру мынадай жағдайларда жүргізілмейді:

1. Іздеудегі адам соған байланысты оны ұстап беру талап етіліп отырған қылмыс үшін сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың аумағында айыпталып отырған, сотталған немесе ақталып шыққан жағдайда.

2. Егер дәл сондай қылмыс сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың аумағында жасалып, сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың заңнамасы бойынша ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық қудалауды жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда. Сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың заңнамасы бойынша ескіру мерзімінің өтуін тоқтата тұрумен байланысты іс-әрекеттерді немесе мән-жайларды сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап ескеруге тиіс және мұндай жағдайда сұрау салушы Уағдаласушы Тарап өз заңнамасынан ескіру мерзіміне қатысты жазбаша түрдегі үзінді жазбаларды ұсынуға тиіс.

3. Ұстап беру талап етіліп отырған адам сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың азаматы болған жағдайда.

4. Ұстап беруге сұрау салынған қылмыстың сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың заңнамасы бойынша ішінара немесе толығымен оның аумағында жасалуы себепті тергеу жүргізіліп жатқан жағдайда.

5. Ерекше жағдайларда, сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап қылмыстың ауырлығын және сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың мүдделерін ескере отырып, іздеудегі адамның жеке жағдайларына байланысты ұстап беру адамгершілік қағидаттарына үйлеспейді деп есептеуі мүмкін.

6. Оны жасағаны үшін ұстап беру сұратылып отырған қылмыс әскери қылмыс болып табылса, бірақ әдеттегі қылмыстық заңнама бойынша қылмыс болып есептелмейтін жағдайда.

7. Сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың ұстап беру туралы сұрау салу іздеудегі адамды нәсілдік, діни, жыныстық тиесілігіне қарай немесе саяси себептер бойынша айыптау немесе жазалау мақсатында ұсынылған немесе адам осы себептердің кез келгені бойынша сотталуы мүмкін деп болжауына негізді себептер болған жағдайда.

8. Егер сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап ұстап беру оның егемендігіне, ұлттық қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне немесе мінез-құлық нормаларына залал келтіруі мүмкін немесе конституциясына қайшы келеді деп санаса, ол бас тартудың себептерін көрсете отырып, сұрау салуды қабылдамауы мүмкін.

4-бап. Өлім жазасы

Егер сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес ұстап берілуі сұратылған адам соған байланысты ұстап берілуі сұратылған қылмыс үшін өлім

жазасына тартылуы мүмкін болса, ал сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңнамасында мұндай қылмыс үшін өлім жазасы көзделмесе, егер сұрау салушы Уағдаласушы Тарап сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың пікірі бойынша ұстап берілетін адамға өлім жазасы түріндегі жаза қолданылмайтынына жеткілікті куәландырулар бермесе, ұстап беруден бас тартылуы мүмкін.

5-бап. Ұстап беруден бас тарту жағдайындағы қылмыстық қудалау

Егер ұстап беруден іздеудегі адамның азаматтығы негізінде ғана бас тартылса, сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың сұрау салуы бойынша адамды қылмыстық қудалауға тиіс. Осы мақсатта сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап сұрау салушы Уағдаласушы Тараптан тиісті құжаттар жіберуді сұрата алады.

6-бап. Ұстап беруді кейінге қалдыру және уақытша ұстап беру

1. Егер ұстап берілуі сұратылған адам сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың аумағында басқа қылмыс үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылса немесе жазасын өтеп жатса, онда ұстап беру іс бойынша іс жүргізу аяқталғанға дейін, жазасын өтегенге дейін немесе жазадан босатылғанға дейін кейінге қалдырылуы мүмкін, ол жөнінде сұрау салушы Уағдаласушы Тарап хабардар етіледі.

2. Егер ұстап беруді кейінге қалдыру қылмыстық қудалаудың ескіру мерзімінің өтуіне әкеп соғуы мүмкін болса немесе қылмысты тергеу ісін едәуір қиындататын болса, онда сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың сұрау салуы бойынша және өзінің заңнамасына сәйкес ұстап беру сұратылған адамды уақытша ұстап беруі мүмкін.

3. Уақытша ұстап берілген адам іс бойынша іс жүргізу аяқталғаннан кейін немесе уақытша ұстап берудің өзара келісілген мерзімі аяқталғаннан кейін сұрау салынатын Уағдаласушы Тарапқа дереу қайтарылуға тиіс. Егер уақытша ұстап берудің мерзімін ұзарту үшін жеткілікті негіздер бар болса, сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап сұрау салу бойынша мұндай мерзімді ұзарта алады.

7-бап. Ұстап беру рәсімі және қажетті құжаттар

1. Ұстап беру мәселелері бойынша қатынастарды Уағдаласушы Тараптар өздерінің орталық органдары арқылы жүзеге асырады.

Осы баптың 1-тармағында айтылған орталық органдарға:

Қазақстан Республикасы үшін - Бас прокуратура;

Иран Ислам Республикасы үшін - Сот билігі жатады.

Орталық органдардың атаулары өзгерген жағдайда Уағдаласушы Тараптар ол

туралы дипломатиялық арналар бойынша бір-біріне дереу хабарлайды.

Осы Шарттың мақсаты үшін Уағдаласушы Тараптардың орталық органдары қатынастарды тікелей немесе дипломатиялық арналар бойынша жүзеге асыра алады.

2. Ұстап беру туралы сұрау салу мынадай мәліметтерді:

а) іздеудегі адамның жеке басын сәйкестендіретін және мүмкіндігінше азаматтығы мен тұратын жерін анықтайтын мәліметтерді;

б) істің нақты мән-жайларының сипаттамасын;

с) соның негізінде әрекет қылмыс деп танылатын заң мәтінін және қылмыс үшін жаза белгілейтін заң мәтінін;

д) қылмыстық қудалау немесе қылмыс үшін жазаны орындау уақытын шектеуге қатысты заң мәтінін;

е) сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың судьясы не басқа құзыретті органдары шығарған қамауға алу немесе ұстау туралы қаулылардың көшірмелерін;

ф) қамауға алу немесе ұстау туралы қаулыға қатысы бар іздеудегі адамның жеке басын растайтын ақпаратты; және

г) іздеудегі адамның соған байланысты ұстап берілуі сұратылып отырған қылмысты жасағанын көрсететін қылмыс құрамы мен айғақтардың бар екенін дәлелдейтін фактілердің баяндалуын қамтуға тиіс.

3. Ұстап беру туралы сұрау салу сотталған адамға қатысты болған жағдайда сұрау салу мыналарды:

а) сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың соты шығарған үкімнің көшірмесін;

б) кінәлі деп танылған іздеудегі адамның жеке басын растайтын ақпаратты;

с) үкімнің заңды күшіне енуін растайтын құжатты қамтуға тиіс.

4. Сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың тіліне немесе ағылшын тіліне аудармасын қоса алғанда, сұрау салушы Уағдаласушы Тарап барлық құжаттарды осы Шарттың талаптарына сәйкес куәландыруға және ұсынуға тиіс.

5. Егер құжатқа сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың соты немесе басқа өкілеттік берілген адамы қол қойса немесе куәландырса және сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың орталық органының ресми мөрімен бекітілсе, ол осы Шарттың мақсатында куәландырылған болып есептеледі.

8-бап. Қосымша ақпарат

1. Егер сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап ұстап беру туралы сұрау салуда ұсынылған ақпаратты осы Шартқа сәйкес ұстап беруді қанағаттандыру үшін жеткіліксіз деп есептесе, ол келісілген уақыт кезеңі ішінде қосымша ақпаратты сұратуы мүмкін.

2. Егер ұстап беру сұратылған адам қамауда болса және ұсынылған қосымша ақпарат осы Шартқа сәйкес жеткіліксіз болса немесе келісілген уақыт кезеңі ішінде

алынбаса, адам қамаудан босатылуы мүмкін. Мұндай босату сұрау салушы Уағдаласушы Тарапқа ұстап беру туралы жаңа сұрау салуға кедергі болмауы тиіс.

3. Егер адам осы баптың 2-тармағына сәйкес қамаудан босатылса, сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап ол жөнінде сұрау салушы Уағдаласушы Тарапқа уақтылы хабар беруге тиіс.

9-бап. Экстрадициялық қамау

1. Кезек күттірмейтін жағдайларда, Уағдаласушы Тарап ұстап беру туралы сұрау салу жіберілгенге дейін іздеудегі адамға қатысты экстрадициялық қамауды қолдану жөнінде сұрау салуы мүмкін. Экстрадициялық қамау туралы сұрау салу дипломатиялық арналар арқылы немесе осы Шарттың 7-бабында айтылған орталық органдар арқылы тікелей жолдануы мүмкін.

2. Экстрадициялық қамау туралы сұрау салу жазбаша түрде ресімделеді және м ы н а л а р д ы :

а) іздеудегі адамның азаматтығы туралы ақпаратты қоса алғанда, оның сәйкестендіру деректерін, сипаттамасын;

б) егер белгілі болса, іздеудегі адамның тұратын жерін;

с) істің мән-жайының қысқаша баяндалуын, қылмыс жасалған уақыт пен жерді;

д) соның негізінде әрекет қылмыс деп танылатын заң мәтінін;

е) қамауға алу немесе ұстау туралы қаулылардың немесе заңды күшіне енген сот үкімінің болуын растауды;

ф) іздеудегі адамды ұстап беру туралы сұрау салудың ұсынылатындығына кепілдікті қамтуға тиіс.

3. Осындай сұрау салуды алғаннан кейін сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап іздеудегі адамды қамауға алу үшін қажетті шараларды қолдануға және нәтижелері туралы сұрау салушы Уағдаласушы Тарапқа шұғыл түрде хабарлауға тиіс.

4. Егер сұрау салушы Уағдаласушы Тарап осы Шарттың 7-бабында көрсетілген тиісті құжаттарды қамауға алған күннен бастап отыз күн ішінде бере алмаса және егер мұндай босату кейіннен алынған іздеудегі адамды ұстап беру туралы сұрау салуды қарауға кедергі келтірмесе, қамауға алынған адам босатылуы мүмкін.

10-бап. Оңайлатылған ұстап беру

Егер іздеудегі адам өзінің ұстап беруге келісетіндігі жөнінде сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың сотын немесе басқа құзыретті органдарын хабардар етсе, сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап өз заңнамасына сәйкес ұстап беру рәсімдерін жеделдету үшін барлық қажетті шараларды қолдануға тиіс.

11-бап. Қайта ұстап беру

Егер ұстап берілген адам сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың аумағында соған байланысты өзі ұстап берілген қылмыс үшін жауапкершіліктен түпкілікті босатылғанға дейін екінші Уағдаласушы Тараптың аумағына қайтып оралса, онда ол сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың сұрау салуының негізінде қайта ұстап берілуі мүмкін. Мұндай жағдайларда осы Шарттың 7-бабында көзделген құжаттарды беру талап етілмейді.

12-бап. Бәсекелес сұрау салулар

1. Егер бір адамды ұстап беру туралы сұрау салулар екі немесе одан да көп мемлекеттен алынса, сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап адамның қай мемлекетке ұстап берілетінін айқындап, өз шешімі туралы сол мемлекетті, сондай-ақ басқа сұрау салушы Уағдаласушы Тарапты хабардар етуге тиіс.

2. Адамның қай мемлекетке ұстап берілуге тиіс екендігін айқындау кезінде сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап мыналарды:

- a) іздеудегі адамның азаматтығы мен тұрғылықты жерін;
- b) сұрау салулар халықаралық шартқа сәйкес жасалған-жасалмағанын;
- c) қылмыс жасалған уақыт пен жерді;
- d) сұрау салушы мемлекеттердің мүдделерін;
- e) жасалған қылмыстардың ауырлығын;
- f) құрбан болған адамның азаматтығын;
- g) сұрау салушы мемлекеттер арасындағы одан әрі ұстап беру мүмкіндігін;
- h) сұрау салуларды ұсыну күнін қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, барлық факторларды ескеруге тиіс.

13-бап. Адамды беру

1. Сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап ұстап беру туралы сұрау салуға қатысты шешім қабылданысымен, ол жөнінде сұрау салушы Уағдаласушы Тарапқа хабарлауға міндетті. Бұл ретте, сұрау салушы Уағдаласушы Тарап ұстап беру туралы сұрау салуды қанағаттандырудан толық немесе ішінара бас тартудың себептері туралы хабардар етілуге тиіс.

2. Сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап іздеудегі адамды сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың аумағында екі Уағдаласушы Тарапқа да қолайлы жерде сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың құзыретті органдарына беруге тиіс.

3. Сұрау салушы Уағдаласушы Тарап адамды сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап белгілейтін уақыт кезеңі ішінде сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың аумағынан әкетуге тиіс және егер адам осы уақыт кезеңінде әкетілмесе, сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап адамды қамаудан босатуы және осы қылмыс бойынша ұстап

беруден бас тартуы мүмкін.

4. Егер ерекше мән-жайлар сұрау салушы Уағдаласушы Тарапқа ұстап берілген адамды әкетуге кедергі келтірсе, ол жөнінде екінші Уағдаласушы Тарап хабардар етіледі және мұндай жағдайда осы баптың 3-тармағының талаптары қолданылмайды. Уағдаласушы Тараптар осы бапқа сәйкес адамды берудің жаңа датасы туралы өзара уағдаласуға тиіс.

14-бап. Меншікті беру

1. Ұстап беру туралы сұрау салу қанағаттандырылған жағдайда сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың заңнамасына сәйкес және үшінші тұлғалардың құқықтары ескеріле отырып, сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың аумағында табылған, ұстап берілген адам қылмыстың салдарынан иеленген немесе заттай айғақтар ретінде талап етілуі мүмкін барлық меншік сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың сұрау салуы бойынша берілуге тиіс.

2. Жоғарыда айтылған меншік, егер ұстап беру іздеудегі адамның өліміне, жоғалып кетуіне немесе қашып кетуіне байланысты қанағаттандырыла алмаса да, сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың сұрау салуы бойынша соған берілуге тиіс.

3. Егер осы баптың 1-тармағында көрсетілген меншікті сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап қылмыстық істі тергеу үшін талап етсе, ол оны беруді қылмыстық іс бойынша іс жүргізу аяқталғанға дейін уақытша кейінге қалдыра алады.

4. Егер сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың заңнамасы немесе үшінші тараптардың құқықтары осыны талап етсе, кез келген берілген меншік сұрау салынатын Уағдаласушы Тарапқа оның сұрау салуы бойынша тегін қайтарылуда тиіс.

15-бап. Арнайы қағида

1. Осы Шартқа сәйкес ұстап берілген адам мыналарды:

а) сол бойынша ұстап беру қанағаттандырылған немесе солар бойынша ұстап беру қанағаттандырылған нақ сол фактілерге негізделген басқаша аталатын қылмыс
б о й ы н ш а қ ы л м ы с т ы :

б) адам ұстап берілгеннен кейін жасалған қылмысты, немесе с) сол бойынша сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап ұстап берілген адамды ұстауға, айыптауға немесе соттауға келісім берген қылмысты қоспағанда, сұрау салушы Уағдаласушы Тарапта ұсталмайды, айыпталмайды немесе сотталмайды.

2. Осы баптың 1-тармағын іске асыру мақсатында:

а) сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап осы Шарттың 7-бабында көрсетілген құжаттар мен дәлелдемелердің берілуін талап ете алады;

б) осы Шарттың мақсатында сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап қажет болған кезде дәлелдемелердің осы Шарттың 7-бабында көзделген тәртіппен ұсынылуын сұрата

а л а д ы ;

с) ұстап берілген адамның қылмыс жасағанын құқықтық растау сұрау салынатын
Уағдаласушы Тарапқа ұсынылуға тиіс; және

d) сұрау салушы Уағдаласушы Тарап ұстап берілген адамды сұрау салынатын
Уағдаласушы Тарап сұрау салуды қарастырып жатқан кезде кисынды уақыт кезеңіне
д е й і н ұ с т а у ы м ү м к і н .

3. Осы Шартқа сәйкес ұстап берілген адам сұрау салынатын Уағдаласушы
Тараптың келісімінсіз, оны ұстап бергенге дейін жасаған қылмыс үшін үшінші
мемлекетке ұстап берілмейді.

4. Осы баптың 1 және 2-тармақтары, егер:

a) адам ұстап берілгеннен кейін сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың аумағынан
кетіп қалса және оған өз еркімен қайтып оралса; немесе

b) адам сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың аумағынан еркін кетіп қалуына
мүмкіндігі болған күннен бастап 45 күн ішінде одан кетпесе, ұстап берілген адамды
ұстауға, айыптауға және соттауға немесе бұл адамды үшінші мемлекетке ұстап беруге
кедергі келтірмейді.

16-бап. Нәтижелер туралы хабарламалар

Сұрау салушы Уағдаласушы Тарап ұстап берілген адамға қатысты қылмыстық істі
тергеудің немесе үкімді орындаудың нәтижелері туралы не адамды үшінші мемлекетке
беру туралы сұрау салынатын Уағдаласушы Тарапқа уақтылы хабардар етуге міндетті.

17-бап. Транзит

1. Заңнамамен рұқсат етілген дәрежеде, үшінші мемлекет бір Уағдаласушы Тарапқа
ұстап берген адамды екінші Уағдаласушы Тараптың аумағы арқылы тасымалдауға
дипломатиялық арналар арқылы не Уағдаласушы Тараптардың орталық органдары
арқылы тікелей берілген жазбаша сұрау салу бойынша рұқсат етілуге тиіс.

Сұрау салуда азаматтығы туралы деректерді қоса алғанда, транзиттік тасымалдауға
жататын адамның деректері, сондай-ақ істің мән-жайының қысқаша сипаттамасы
қ а м т ы л у ғ а т и і с .

2. Уағдаласушы Тараптардың орталық органдары транзиттік тасымалдаудың
бағытын және басқа да шарттарын келіседі.

3. Егер транзит транзиттеу мемлекетінің аумағына уақытша қонбай әуе көлігімен
жүзеге асырылса, оған рұқсат талап етілмейді. Егер Уағдаласушы Тараптардың бірінің
аумағында жоспарланбаған қону орын алса, ол осы баптың 1-тармағында көзделген
транзиттеу туралы сұрау салуды жіберуді талап ете алады. Өтініш жоспарланбаған

қонудан кейін тоқсан алты сағат ішінде келіп түскен жағдайда, транзиттеу мемлекеті тасымалданатын адамды ұстайды және тасымалдау қайта жаңғыртылғанға дейін оны қамауда ұстайды.

18-бап. Шығыстар

1. Сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап ұстап беру туралы сұрау салуға байланысты туындаған, өзінің заңдық құзырындағы кез келген рәсімдер бойынша шығыстарды көтереді.

2. Сұрау салынатын Уағдаласушы Тарап ұстап берілуі талап етілген адамды ұстаумен және тұтқындаумен немесе меншікті тәркілеумен және берумен байланысты өз аумағында келтірілген шығыстарды көтереді.

3. Сұрау салушы Уағдаласушы Тарап транзиттеу бойынша шығыстарды қоса алғанда, адамды сұрау салынатын Уағдаласушы Тараптың аумағынан тасымалдау шығыстарын көтереді.

19-бап. Консультациялар

1. Кез келген Уағдаласушы Тараптың сұрау салуы бойынша Тараптар осы Шартты түсіндіруге қатысты консультациялар жүргізе алады.

2. Екі Уағдаласушы Тараптың құзыретті органдары нақты сұрау салуларды шешуге, сондай-ақ осы Шартты ілгерілету мен жетілдіруге байланысты бір-бірімен тікелей кеңес алады.

3. Осы Шарттың ережелерін іске асыру барысында туындауы мүмкін даулар мен келіспеушіліктерді Уағдаласушы Тараптар консультациялар мен келіссөздер өткізу арқылы шешеді.

20-бап. Өзгерістер мен толықтырулар

Осы Шартқа Уағдаласушы Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Шарттың ажырамас бөліктері болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар жекелеген хаттамалармен ресімделеді. Өзгерістер мен толықтырулар осы Шарттың 21-бабының 1-тармағына сәйкес күшіне енеді.

21-бап. Шарттың күшіне енуі және қолданылуын тоқтату

1. Осы Шарт ратификациялауға жатады және Уағдаласушы Тараптар оны ратификациялау туралы соңғы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Шарт ол күшіне енген күнге дейін де, одан кейін де жасалған қылмыстарға қатысты қолданылады.

3. Кез келген Уағдаласушы Тарап осы Шарттың қолданылуын дипломатиялық арналар арқылы екінші Уағдаласушы Тарапқа жазбаша хабарлама жіберу жолымен кез келген уақытта тоқтата алады. Шарт осындай хабарлама алынған күннен бастап 6 ай өткен соң өз қолданысын тоқтатады.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН, Уағдаласушы Тараптардың өкілетті өкілдері осы Шартқа қол қойды.

2012 жылғы 29 сәуірде Тегеран қаласында әрқайсысы қазақ, парсы және ағылшын тілдерінде, екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Шарттың мәтінін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Уағдаласушы Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасы үшін

Иран Ислам Республикасы үшін

Бас Прокурор

Әділет министрі

Асхат Дауылбаев

Сейдмуртаза БАҚТИЯРИ

2012 жылғы 29 сәуірде Тегеран қаласында жасалған Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы ұстап беру туралы Шарттың бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

*Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Халықаралық құқық
департаментінің*

Басқарма бастығы

Д.Есентаев